

Мәдениеттану

Культурология

Cultural science

ӨОЖ 1:(091)+(574)

А.Д. Құрманалиева*, К. Бағашаров

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: Ainura.Kurmanalieva@kaznu.kz

Қазақстан Республикасындағы дінаралық келісім мәдениеті

«Қазіргі Қазақстандағы діннің рөлі» ғылыми жоба аясында даярланған

Аңдатпа. Мақалада 2012 жылы Астанада ұйымдастырылған Әлемдік және дәстүрлі дін жетекшілерінің IV съезінің бағдарламасы қарастырылады. Съездің күн тәртібінде қарастырылған мәселелерінің маңызы, әлемдік қауымдастық пен ғаламдағы тұрақтылық және бейбітшілікке тигізер ықпалы атап өтіледі. Сондай-ақ автор өткізілген съездің Қазақстан Республикасы үшін әлеуметтік-рухани дамуына және қоғамдағы конфессияаралық түсіністіктің дамуына ықпалы көрсетіледі.

Түйін сөздер: дін, диалог, съезд, толеранттылық, бейбітшілік, тұрақтылық.

Қазақстан бүгінгі әлем сахнасында бейбіт-қатар өмір сүру мен тұрақтылықтың ортасы ретінде танылып отыр. Бейбітшілік пен келісім саясатының арқасында тәуелсіз және егеменді мемлекет ретінде өркендеп, дамып келе жатқан Қазақстан ядролық қарудан өз еркімен бас тартумен қатар жаһандық мәні бар мәселелерді оңтайлы шешуде орталық назарды өзіне аударуда. Әлемдік және дәстүрлі дін жетекшілерінің ортақ ымыраластығын орнатуға тоғыз жылдан бері атсалысып келуі – осының тікелей дәлелі. Тереңнен тамыр алған қазақ халқының бейбітқұмарлық табиғатының арқасында бүгінде көптеген халықтар мен діндердің өкілдері үшін ортақ үй болып отырған Ұлы Дала төсінде көптеген халықтар мен конфессиялар бейбіт қатар өмір сүріп келді.

Биылғы жылдың мамыр айының 30-31 күндері елімізде, Еуразияның кіндігі Сарыарқа төсінде, Астана төрінде Әлемдік және дәстүрлі дін жетекшілерінің IV съезі болып өтті. Қазіргі алмағайып заманда халықаралық қатынастардағы күн тәртібінде басты орында тұрған бейбітшілік пен келісім мәселелерін тағы да көтерген бұл жиын «Адамзаттың таңдауы – бейбітшілік пен келісім» деп аталды.

Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығында әлемнің түкпір-түкпірінен келген әр түрлі дін өкілдерін бір шаңырақ астына жинай отырып, Съездің адамзат үшін маңыздылығына басты назар аударған Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы жиынның ашылуында сөйлеген сөзінде: «Біртұтас діни кеңістік жасау мүмкін емес, өмір сүріп отырған айырмашылықтарды түбіне дейін жоқ ету де мүмкін емес, оның үстіне олар кейде ұлы діндердің негіздерін құрайды. Алайда, тұрақты диалогтың құндылығы, оның қазіргі айырмашылықтарына қарамастан, бір «алтын орта» іздеудің мағынасы мен процесін сақтайтындығында. Бастысы – диалог бейбітшілік пен келісім аймағын, үйлесім мен айқындық уақытын жасайды. Мұнан мен діни диалогтың күмән келтірмейтін құндылығын көремін», – деп, съездің түпкі мақсатын және діни төзімділік идеясының маңызын, мәселе әр түрлілікті жоюда емес, әр түрлілікті сәйкесінше қабылдай алуда екенін түсіндірді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының съезіне 40-тан астам конфессиядан 85 өкіл қатысты, съездің жұмысы «Дін лидерлерінің тұрақты дамуға қол жеткізудегі рөлі», «Дін және мультикультурализм», «Дін және әйел:

рухани құндылықтар мен қазіргі заманғы сын-тегеуріндер», «Дін дәне жастар» тақырыбында төрт секцияның мәжілістерінде қызу талқылау ретінде көрініс тапты. Қазіргі алмағайып заманда адамзат игілігі үшін дін лидерлерінің тыныштықты сақтап тұруда, қоғамдағы толерантты сана қалыптастырудағы рөлі талданды. Бұл ретте дін басшыларына артылатын жүктің ауырлығы мен жауапкершілігі өз алдына маңызды. Бүгінгі таңдағы мультикультурализм, жаһандық әлемдегі бірегейлікті сақтап қалу, мультикультурализм жағдайындағы дәстүрлі мәдениеттердің орны, жаһандық сұраныстарға бейімделе дамыған мәдениеттер әр түрлілігі талданды. Съезге қатысушы ғалымдар, қоғам қайраткерлері, дін басылары әйел тақырыбын тереңнен талдап, дәстүрлі діндердің әйел мәселесін қозғауы, болашақ тәрбиесіндегі әйел затының рөлін қозғаса, жастар мәселесін талқыға салған «Дін және жастар» секциясында жастардың діни бағдары, дінге деген соңғы жылдары сұраныстың арта түсуі, бұл құбалыстың себептері, қыр-сырлары ашылды және келесі 2015 жылға жоспарланып отырған съезд жұмысына жастарды көбірек тарту және жастар арасынан шыққан дінбасыларын белсенді тартылса екен деген ортақ ұсыныс қабылданды.

Төртінші съезге әлемнің көптеген елдерінен мәртебелі меймандар шақырылды. Атап айтқанда, Мысырдағы әйгілі әл-Азхар университетінің бас имамы Шейх Ахмад Мухаммад әт-Тайиб, Сауд Арабия королінің өкілі, осы елдің Консультативті кеңесінің төрағасы Абдалла Аш-Шейх, Бүкіләлемдік ислам лигасының президенті Шейх Абдалла Бен Әбдел Мұхсин әт-Түрки, Бүкіләлемдік лютеран федерациясының бас хатшысы Мартин Юнге, Мәскеу және бүткіл Ресей патриархы Кирилл және тағы басқа әлемге белгілі діндер көшбасшылары, халықаралық ұйымдардың басшылары, өркениетаралық диалогқа үлес қосып жүрген ғалымдар мен қоғам қайраткерлері, сарапшылар қатысты.

Съезде бірқатар тың ұсыныстар мен бастамалар да көтерілді. Бұл бастамалар жаһандық жағдайдың әсері мен уақыт талабынан туындағаны белгілі. Мәселен, тұжырымдама жобасы былтыр қабылданған діни лидерлер Кеңесі құрылып, оның құрамына 14 адам: ислам, христиан, иуда, будда, даошылардың және синто шіркеулері ассоциациясының, сондай-ақ Заратустра мәдени мұраларының өкілдері кірді.

Идея авторы елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев:

«Біздің Кеңестің басты мақсаты – діни үнқатысуды нығайтуға ықпал ету. Оның қызметінің негізінде адамдықтың ең бастауындағы – мейірім, махаббат, әділеттік, бейбітшілік және келісім болатын барлық діни ілімдерге ортақтық бар», – деп түсіндірді.

Мемлекет басшысы съезде ғаламдық толеранттылық пен сенімді қалыптастыру және нығайтуға арналған арнайы интернет порталын іске қосу турасында да маңызды ұсыныс айтты. Жеке халықаралық онлайн конференция өткізу идеясы балаларды, жасөспірімдерді, жастарды, отбасылық құндылықтарды қолдауға тәрбиелеудің адамгершілік проблемаларына арналмақ.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көп полярлы әлемді біріктіруге бастайтын, осы съезд қарсаңында ғана болып өткен V Астана экономикалық форумында «революция емес эволюция; әділдік, теңдік, консенсус; ғаламдық толеранттылық пен сенім; ғаламдық ашықтық; сындарлы көп полярлық» мүдделерін көздейтін G-GLOBAL жаңа форматтағы коммуникативті интернет диалог алаңын құру туралы идеясы да конференцияға қатысушылар тарапынан қолдау тапты.

Ендігі жаһандық тәртіпте келісім мен әлемдік дін жетекшілерінің өзара үнқатысуы маңызды десек, келген қонақтардың көпшілігі съезд жұмысын мақұлдап, жоғары баға берді. Атап айтсақ, журналистерге берген сұқбатында Үндістандағы индологияны зерттеу және дінаралық үнқатысу жөніндегі институттың төрағасы, Дін көшбасшылары кеңесінің мүшесі Сомая Самир Шантила былай деді: «Мен тамаша да сәулетті ел әрі терең дәстүрлі Қазақстанға келу бақытына ие болғанымға қуаныштымын! Саяси қайраткерлер мен дін өкілдері әрекеттесе алмайды деген түсініктің қате екені осы съезде анық көрінді. Бәрімізге ортақ проблеманы шешуде дін мен саясаттың ынтымақтасуының ешқандай әбестігі жоқ деп ойлаймын. Қазір көптеген адамдар дін мен көріпкелділікті шатастырады. Бұл екеуі мүлде жанаспайтын бағыттар. Дін қазір адамдардың өзара төзімділігін қамтамасыз етіп, адамдардың алдында тұрған қиын асуларын алқынбай алуына жәрдем беруі керек. Сонымен бірге, дін қайраткерлері зорлық-зомбылықтан тыйылуы уағыздайды».

Ресей мүфтилері кеңесінің әрі осы елдің еуропалық бөлігіндегі Мұсылмандар діни басқармасы төралқасының төрағасы, шейх

Равиль Гайнутдинов съезден алған әсерін былай бөлісті:

«Көптеген оқымыстылар ХХІ ғасырда «өркеніеттер қақтығысы» болады деп жорамалдады. Ол Ислам өркениеті мен Христиан өркениеті екені белгілі еді. Біз сол кезде «өркеніеттер қақтығысы» болады деген доктринаны жоққа шығарғанбыз. Ондай қақтығыс болмайды, егер біз әлемдегі тұрақтылық пен бейбіт өмірді сақтағымыз келсе. Керісінше, түрлі өркениеттердің әрекеттестігіне жол ашылуы керек. Оның басы үнқатысу алаңы болуы тиіс деген пікірлер айтқан едік. Міне, сондай пікірсайыс алаңын Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жасады. Ол әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларын, сонымен қатар, мемлекет пен қоғам қайраткерлерін Астанаға шақырып, дөңгелек үстел басында «өркеніеттер қақтығысы» дегенді болдырмау үшін не істеу керектігін ортаға салды».

Грузия православие шіркеуінің өкілі, митрополит Андрей:

«Біз өзіміздің болашағымыз үшін, мемлекетіміз бен халқымыздың болашағы үшін өзіміз белгілеген мақсат-міндеттерімізге жауапкершілікпен қарауымыз керек. Оған қазіргідей

қауіп-қатерге толы заманда қол жеткізу өті қиын. Ол үшін өзара үнқатысу, өзара келісім, өзара пікіралмасу қажет. Бүгінде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу ғаламдық тұрғыдағы қажеттіліктен туғаны мойындалып, оған жан-жақты қолдау білдіріліп отыр. Болашақта Қазақстанның осындай игі бастамасы өзінің жалғасын таба береді деп ойлаймын».

Әлемде дін атын жамылып, дін ұғымына кір келтіріп жүрген террористік және экстремистік бағыттағы ұйымдарға, адамзатты құлдыратуға мүдделі теріс пиғылдағы бірлестіктерге төтеп берудің, адамзат игілігі үшін белсенді күрестің, күннен күнге артып бара жатқан діни негіздегі мәселелерге тиімді шешім қабылдауда аталған шараның маңызы зор және осы ретте діни сенімдері әр түрлі бола тұрғанмен, ортақ мәселені шешу мақсатында бірауыздылыққа келу нағыз діндар, рухани дүниесі кең азаматтардың ғана қолынан келетін жетістік екеніне көз жеткізуге болады. Сайын даланың ен төсінде конфессияаралық және ұлысаралық келісімнің үлгісін ұсынып отырған қазақ елінің тәжірибесі әлемде өз жалғасын таба отырып, жаһандық әлемде бейбітқатар өмір сүру үлгілері арта түседі деген сенімдеміз.

А.Д. Курманалиева, К. Бағашаров

Культура межконфессионального согласия в Республике Казахстан

В данной статье рассматривается программа IV съезда лидеров Мировых и традиционных религий, который прошел в Астане в 2012 году. А также рассматривается актуальность и значимость обсуждаемых в повестке дня съезда вопросов, их влияние на мировое сообщество. Автором статьи подчеркнута практическая значимость проведенного съезда для межконфессионального согласия в Республике Казахстан.

Ключевые слова: религия, диалог, съезд, толерантность, мир, стабильность.

A.D. Kurmanalieva, K. Bagasharov

The world of humanity in harmony of religion

This article describes the IV Congress of Leaders of World and Traditional Religions, held this year in Astana. The article also addresses the importance of discussion in the agenda of the congress of the issues, the impact it may have on the world community. The author analyze the actual problems that were discussed during the congresses. In addition, the author turned their attention to the fact that highly respected guests who came from all corners of the world appreciated the level of organization of the event.

Keywords: dialogue, congress, tolerance, peace, stability